


Менің елім

Абдикирова Динара Аманжоловна
«Тобыл қаласының мектеп-гимназиясы» ММ
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Оқу бағдарлама сына сәйкес оқу мақсаты	1.3.4.1. Мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қою. 1.5.1.2. Мұғалімнің көмегімен жіктік жалғауын ауызша тілде қолдану. 1.5.1.5. Мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру.	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Тақырып бойынша салған суретін сипаттай алады, не салғанын айта алады.	
	Оқушылардың басым бөлігі: Бір-бірінен не салғанын сұрай алады, сұраққа жауап бере алады, жіктік жалғауын мұғалімнің көмегімен дұрыс қолдана алады.	
	Кейбір оқушылар: Туған елі туралы айтып бере алады.	
Пәнаралық байланыс	Орыс тілі, ағылшын тілі, бейнелеу	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс	Ресурстар
Сабақтың басы (4 минут)	(МК) 1.Амандасу. Сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл күй қалыптастыру. - Сәлеметсіздерме! -Балалар, бәрің ортаға шығындар, бір-біріңе қарап, күлімдеп, құшақтасып амандасындар. (Сәлем!- деп бір-бірімен амандасады) -Тамаша! 2.Тіл дамыту. \Балалармен «Неше доп», «Сыныпта» өлеңдерін қайталаймыз. -Енді, «Неше доп», «Сыныпта» өлеңдерін бәріміз бірге қайталап өтейік. -Өте жақсы,балалар! Орындарыңа отырындар. 3.Сабақ мақсатымен таныстыру. -Бүгін сабақта жаңа сөздермен танысамыз, сөйлемдер құрастырамыз, сөздерге сұрақ қоямыз, жауап беріп үйренеміз, сурет саламыз.	
Сабақтың ортасы (30 минут)	(МК, Ұ) -Дети где мы живем, как называется наша страна? – деп орысша сұрақ қоямын. (Моя страна-Казахстан) -Жақсы! Менің елім!-Моя страна! Менің елім тіркесінің мағынасын түсіндіріп, балалармен бірнеше рет қайталаймыз. (Менің елім. Менің елім-Қазақстан.) - «Қазақстан» туралы бейнебаянды тамашалайық. -Не туралы, не көрдіңдер? Күн, гүл, ай, жұлдыз, тау, ай, үй суреттерін тақтаға іліп жаңа сөздермен таныстырамын. Сөздердің қазақша-орысша нұсқасын керісінше айтып қайталаймыз. Мысалы: гүл-цветок, цветок-гүл. -Ал енді үй сөзінің аудармасын үш тілде айтып көрейік. (Үйдің суретіне көрсетіп сұраймын.) -Кім суреттегі сөздің орысша-қазақша-ағылшынша аудармасын біледі? Үй-дом-house сөздерін үш тілде айтқызамын.	https://www.youtube.com/watch?v=9Nq5VzCVREM Суреттер: күн,ай, тау,үй, гүл,

	<p>Оқушылардың назарын оқулықтағы 1-тапсырмада берілген суретке аударамын.</p> <p>-Балалар оқулықты ашыңдар. Саусақтарыңды қойып менің айтқан сөздерімді қайталап көрсетіп отырыңдар.</p> <p>-Гүл,ағаш,күн,ай,жұлдыз,үй,тау</p> <p>-Осы сөздерге қандай сұрақ қоямыз? (Не?)</p> <p>-Дұрыс. Неге осы сұрақты таңдадыңдар? (Кім?\не? сұрақтарының айырмашылығын айтады.)</p> <p>-Мынау не?</p> <p>-Мынау күн (гүл, ағаш, үй т.б.)оқушылар менің қойған сұрағыма жауап береді.</p> <p>-Өте жақсы, балалар!</p> <p>-Қазір балалар «Мұғалім мен оқушы» деген ойын ойнаймыз. (Ж) Тақтаға екі оқушы шығады.Біреуі оқушы, екіншісі мұғалім рөлін ойнайды. Оқушы бала мұғалімнің сұрағына жауап береді. Мысалы: Мынау не? – Мынау ай.</p> <p>Мынау не?- Мынау</p> <p>ҚБ: «Бас бармақ» арқылы.</p> <p>(МК) Мен сурет саламын.- сөйлемін хормен қайталаймыз.</p> <p>-Балалар енді орнымыздан тұрып шеңбер құрайық. (балалар тізбек бойынша бір-біріне сұрақтарды қойып шығады.)</p> <p>-Сен не саласың? (Мен күн,ай.... саламын.)</p> <p>-Өте жақсы, балалар отырыңдар.</p> <p>-Енді, мен, саламын сөздері арқылы суреттерді қолданып сөйлем құрап үйренеміз.</p> <p>Мысалы: Мен ☆ саламын.</p> <p>Мен ☀ саламын.</p> <p>Сергіту I. Бір,екі,үш Ал кәнеки, үш! Төрт, бес, алты, жеті Мынау ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он. Ал, кәнеки, қон.</p> <p>II. Келесі жаттығуда мен күн, ай, жұлдыз сөздерін айтқанда қолдарыңды көтересіңдер, ал гүл, ағаш, тау, үй сөздерін айтқанда отырасыңдар.</p> <p>(ОТ,Т) Суреттер бойынша үш топқа бөлемін.</p> <p>-Балалар менің қолымдағы қағаздардың түсі қандай? (Сары)</p> <p>-Қағаздарды таңдап,қандай сурет түскенін қараңдар.</p> <p> суреттер бойынша топқа бөлініңдер.</p> <p>-Әр топ «Менің елім» тақырыбында сурет салады.</p> <p>(Суреттерді тақтаға іліп сурет көрмесін жасаймыз. Салған суреттерін сөйлетеді. Не салғанын, қандай түспен бояғанын айтады.)</p> <p>- Менің елім – Қазақстан -деп бастауларың керек.</p> <p>ҚБ: «Шапалақ» арқылы.</p> <p>-Өте жақсы балалар бұл тапсырманы тамаша орындадыңдар!</p> <p>(МК,Ұ) Оқушылар дәптердегі тапсырмаларды орындау арқылы оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі.</p> <p>(Ұ) «Бәйге» ойыны. Ортаға 3-4 баладан шығарып суреттерді көрсетемін. Суретті бірінші атаған оқушы алға бір қадам жылжып отырады. Осылайша жаңа сөздерді қайталаймыз.</p>	<p>жұлдыз</p> <p>оқулық</p> <p>сөздер, суреттер</p> <p>A4 формат. қағаз, қарындаш тар.</p>
--	---	--

<p>Сабақтың соңы (6 минут)</p>	<p>(Қ) Бағалау: -Диологқа түскендерге (көгілдір түсті ай) -Сөйлемді орын тәртібін сақтап құрастырғандарға (әр түрлі жұлдыз) -Сурет арқылы өз ойын білдіргендерге (күн суреті) Кері байланыс . - Не білдік,қандай сөздермен таныстық? - Қалай жұмыс істедіңдер? - Не қызық әрі жеңіл болды? - Не қиындық туғызды? -Балалар сендерге сабақ ұнаса, гүлді стикерлерді суреттерінің тұсына жапсырыңдар. -Сабақ аяқталды. Сау болыңдар!</p>	
------------------------------------	---	--